

Азаматтық және эксперименттік авиация әуеайлақтарын мемлекеттік тіркеу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 1329 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 1398 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.12.2013 № 1398 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 1995 жылғы 20 желтоқсандағы N 2697 заң күші бар Жарлығының 84-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Азаматтық және эксперименттік авиация әуеайлақтарын мемлекеттік тіркеу ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы		
Ү к і м е т і н і ң			
2 0 0 4	ж ы л ғ ы	1 5	ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N	1 3 2 9	қ а у л ы с ы м е н	
бекітілген			

Азаматтық және эксперименттік авиация әуеайлақтарын мемлекеттік тіркеу ЕРЕЖЕСІ

Жалпы ережелер

1. Осы Азаматтық және эксперименттік авиация әуеайлақтарын мемлекеттік тіркеу ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 1995 жылғы 20 желтоқсандағы N 2697 заң күші бар Жарлығына сәйкес ә з і р л е н д і .

Осы Ереже азаматтық және эксперименттік авиация әуеайлақтарын (меншік нысанына қарамастан) мемлекеттік тіркеуді жүргізудің, Азаматтық және эксперименттік авиация әуеайлақтарын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (бұдан әрі - куәлік) берудің тәртібін белгілейді.

Азаматтық және эксперименттік авиация әуеайлақтарын мемлекеттік тіркеуді және куәлік беруді азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) жүзеге асырады.

2. Авиациялық жұмыстарды жүргізу кезінде авиация қолданатын уақытша әуеайлақтарды қоспағанда, әуеайлақтар мемлекеттік тіркеуге жатады.

3. Әуе кемелерінің ұшуын, қонуын, рульдеуін, тұрағын және оларға қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін арнайы дайындалған және жабдықталған құрылыстар кешені ретіндегі азаматтық және эксперименттік авиацияның әуеайлақтары мемлекеттік тіркеудің объектілері болып табылады.

4. Тіркеу үшін ұсынылатын құжаттардың тізбесі осы Ереженің 5-тармағында белгіленеді.

Өтініштер беру және әуеайлақтарды мемлекеттік тіркеу тәртібі

5. Әуеайлақты мемлекеттік тіркеу үшін оның иесі (пайдаланушы) уәкілетті органға (ілеспе хатпен бірге) мынадай құжаттарды:

1) белгіленген нысандағы өтінішті (осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес);

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариалды расталған көшірмесін, жеке тұлға үшін - жеке куәліктің немесе төлқұжаттың көшірмесін, немесе жеке басын куәландыратын құжаттарды ауыстыруға қабылдағаны туралы ішкі істер органдарының анықтамасын және тиісті мемлекеттік орган берген заңды тұлға құрмай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжаттың көшірмесін;

3) жеке тұлға үшін - салық төлеушінің тіркеу нөмірін беру туралы куәліктің көшірмесін;

4) әуеайлақ орналасқан жер учаскесіне берілген құқық туралы (жерді тұрақты немесе уақытша пайдалану) құқық белгілейтін құжаттың нотариалды расталған көшірмесін;

5) әуеайлаққа меншік құқығын немесе иелену құқығын растайтын құжаттардың (сатып алу-сату шарты, қабылдау-тапсыру актісі, теңгерімге беру туралы бұйрық және басқа) нотариалды расталған көшірмелерін;

6) әуеайлаққа тиісті сыныпты беруді растайтын құжаттың көшірмесін;

7) әуеайлақтың техникалық сипаттамалары, географиялық координаттары мен орналасқан орны туралы (елді мекен) ақпаратты ұсынады.

6. Егер әуеайлақ заңды тұлға филиалының (құрылымдық бөлімшенің) теңгерімінде (уақытша пайдалануында) болса, осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген құжаттармен қоса, әуеайлақтың иесі (пайдаланушы) уәкілетті органға әуеайлақты осы филиалдың (құрылымдық бөлімшенің) теңгеріміне (уақытша пайдалануына) беру туралы ішкі актінің (бұйрықтың, өкімнің) көшірмесін ұсынады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.18 № 613 Қаулысымен.

7. Уәкілетті орган өтініш түскен сәттен бастап 30 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде осы Ереженің 5 және 6-тармақтарында белгіленген құжаттардың толықтығын, сәйкестігін (бар болуын) тексереді.

8. Егер өтініш және/немесе оған қоса берілген құжаттар осы Ереженің 5 және 6-тармақтарының талаптарына сәйкес келмесе немесе толық көлемде ұсынылмаса, уәкілетті орган қайтарудың себебін көрсетіп, оларды өтініш берушіге қайтарады.

9. Уәкілетті органның өтінішті және барлық қажетті құжаттарды тіркеген күні өтініштің түскен күні деп есептеледі.

10. Уәкілетті органға болған өзгерістер туралы уақтылы хабарламау және жалған мәліметтер ұсыну әуеайлақты мемлекеттік тіркеуден бас тартуға әкеп соқтырады.

11. Осы Ереженің 5 және 6-тармақтарында көрсетілген мәліметтер өзгерген жағдайда өтініш беруші 10 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде ұсынылған өтініште және/немесе құжаттарда қамтылған өзгерістер туралы қосымша мәліметтерді уәкілетті органға ұсынады.

12. Әуеайлақты тіркеу белгіленген нысандағы Қазақстан Республикасының азаматтық және эксперименттік авиация әуеайлақтарын мемлекеттік тіркеу журналында (бұдан әрі - журнал) ресімделеді.

Журналды жүргізуді уәкілетті орган жүзеге асырады.

Куәлік берудің тәртібі

13. Барлық құжаттар толық (бар) болған және олар белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда, уәкілетті орган журналға әуеайлақ туралы тиісті мәліметтерді енгізеді және өтініш берушіге куәлік (осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес) береді.

14. Өтініш берушіге берілетін куәліктің бланкісі қатаң есеп беру бланкісі болып табылады және оның уәкілетті орган беретін тиісті сериялық нөмірі болады.

15. Өтініш беруші куәлікті алған кезде (өтініш берушінің өкілі - тиісті

нотариалды расталған сенімхат бойынша) уәкілетті органда сақталатын куәліктің көшірмесіне (мұрағаттық нұсқада) қол қояды.

16. Куәлік жоғалған (ұрланған) немесе бүлінген жағдайда өтініш беруші (әуеайлақтың иесі) уәкілетті органға куәліктің телнұсқасын беру туралы тиісті өтінішпен (куәліктің жоғалу немесе ұрлану фактісін растайтын құжаттарды қоса берумен) жүгінеді.

Мұндай жағдайда, уәкілетті орган 20 күнтізбелік күнге дейінгі мерзімде өтініш берушіге сол нөмірімен және күнмен куәліктің телнұсқасын береді және журналға тиісті жазба жасайды.

17. Азаматтық және эксперименттік авиация әуеайлақтарын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік әуеайлақ заңнамада белгіленген тәртіппен таратылғанға дейін қолданылады.

Азаматтық және эксперименттік
авиация әуеайлақтарын
мемлекеттік тіркеу ережесіне
1-қосымша

Азаматтық және эксперименттік авиация әуеайлақтарын мемлекеттік тіркеуге арналған өтініш

1. _____
(өтініш беруші - заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның аты-жөні)

Заңды мекен-жайы (тұрғылықты мекен-жайы - жеке тұлға үшін)
Телефон _____ Факс _____

_____ (заңды тұлға үшін - заңды тұлға басшысының аты-жөні)
атынан _____

(орналасқан жері, елді мекені, географиялық координаттары)

_____ әуеайлағын тіркеуді сұрайды.

2. Әуеайлақ _____
(әуеайлаққа берілген құқық (меншік, шаруашылық жүргізу,

жедел басқару, мүліктік жалдау, сенімгерлік басқару құқықтары, өзге де құқықтар, осы құқықтарға ауыртпалық түсіру, сондай-ақ кепілдік туралы ақпарат)

3. Әуеайлақ қызметінің саласын қысқаша сипаттау:

4.

Қ о с ы м ш а

м ә л і м е т т е р :

М.О.

(қолы, аты-жөні)

Азаматтық

және

эксперименттік

авиация

әуеайлақтарын

мемлекеттік

тіркеу

ережесіне

2-қосымша

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЕЛТАҢБАСЫ

УӘКІЛЕТТІ ОРГАН

Азаматтық және эксперименттік авиация әуеайлақтарын мемлекеттік тіркеу туралы КУӘЛІК

№ _____ сериясы _____

Астана қаласы

200_ жылғы " ____ " _____

Азаматтық авиация және эксперименттік авиация әуе айлақтарын
мемлекеттік тіркеу туралы осы куәлік _____

берілді және

(заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның аты-жөні)

(әуеайлақтың атауы, орналасқан орны)

әуеайлақтың мемлекеттік тіркелуін растайды.

Азаматтық және эксперименттік авиация әуеайлақтарын
мемлекеттік тіркеу туралы осы куәлік аталған әуеайлақ белгіленген
тәртіппен таратылғанға дейін қолданылады.

М.О.

Уәкілетті органның басшысы

(қолы)
